

ПО ПОРУЧЕНИЮ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА В КАЗАХСТАНЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ МАСШТАБНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ ТРАНСПОРТНОЙ ОТРАСЛИ. ТРАНСПОРТ УЖЕ ФОРМИРУЕТ ОКОЛО 6% ВВП СТРАНЫ, А ЗА ПЯТЬ ЛЕТ ВАЛОВАЯ ПРОДУКЦИЯ ОТРАСЛИ ВЫРОСЛА ПОЧТИ ВТРОЕ, ПРЕВЫСИВ 14 ТРИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ. ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ: МОДЕРНИЗИРОВАНО ОКОЛО ПЯТИ ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ ПУТЕЙ, РЕКОНСТРУИРУЮТСЯ 124 ВОКЗАЛА, ОБНОВЛЯЮТСЯ ЛОКОМОТИВНЫЙ И ВАГОННЫЙ ПАРКИ. ПАРАЛЛЕЛЬНО РАЗВИВАЕТСЯ ПОРТОВАЯ ИНФРАСТРУКТУРА И ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ МАРШРУТ, ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО КОТОРОМУ ЗА ПЯТЬ ЛЕТ ВЫРОС В 5,6 РАЗА.

Максат КАЛИАКПАРОВ,
вице-министр транспорта РК



№72 (3219)
11/09/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ҚТЖ: ТИІМДІ СЕРІКТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Елжас Отыншиевтің SIPG және NIZE Intelligent Technology өкілдерімен – Global DTC Ltd Бас директоры Иеонг Уи Танмен және Shanghai International Port (Group) Co.,Ltd. вице-президенті әрі NIZE Intelligent Technology төрағасы Лю Чанман мырзамен жұмыс кездесуі өтті.

Жәнібек КЕРЕЙ,
Астана

Қазақстан Республикасының көлік терминалдары мен Орта дәлізді цифрландыру саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы Шанхай қаласында қол қойылған ұшжақты негіздемелік келісім шеңберінде өткен келіссөздер барысында тараптар логистикалық процестерді цифрландыру және көлік инфрақұрылымын жаңғырту саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін талқылады.

Кездесудің негізгі бағыты бірнеше бағыттарды, соның ішінде terminal Operating System (TOS) енгізуді, терминалды басқаруды оңтайландыру үшін заманауи операциялық жүйені интеграциялаудың практикалық аспектілерін қарастырды. Сондай-ақ тараптар теміржол станциялары мен порттарын цифрлық трансформациялаудың келесі кезеңін іске асыру жөніндегі қадамдарды белгіледі.

Бұдан басқа, транзиттік



әлеуетті дамыту мәселелеріне назар аударылды, Қазақстанның көлік инфрақұрылымын нығайтуға және өңірлік байланысты арттыруға бағытталған серіктестіктің стратегиялық мүмкіндіктері талқыланды. Кездесуге қатысушылар бірлескен ИТ- шешімдер мен озық технологияларды енгізу логистикалық тізбектердің тиімділігін едәуір арттыруға және негізгі маршруттарда жүктерді өңдеуді жеделдетуге

мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Айта кетейік, бір күн бұрын Шанхай портының вице-президенті Лю Чанман бастаған Shanghai International Port Group (SIPG) және NIZE Intelligent Technology делегациясы «Порт Құрық» ЖШС-не барды. Сапар аясында делегация порттың инфрақұрылымымен және операциялық қызметімен танысты. Кездесуді «Порт Құрық» ЖШС бас директоры Еркін Нығметов

өткізді. Теңіз айлағында тараптар порттың қызметін, ағымдағы жүк ағындарын, дамудың перспективалық бағыттарын, сондай-ақ цифрлық шешімдерді енгізуді және Порт операцияларын одан әрі цифрландыруды талқылады. Сапар халықаралық ынтымақтастықты нығайту және заманауи порт технологиялары саласында тәжірибе алмасу үшін маңызды қадам болды.

ЛОГИСТИКА БЕЗ ГРАНИЦ



Порядка 300 компаний из более чем 20 стран объединит на своей площадке 29-я Казахстанская международная выставка «Транспорт и логистика».

Выставка Translogistica Kazakhstan 2026 пройдет с 14 по 16 октября в Международном выставочном центре «Экспо». В этом году организаторы заявляют особенно серьезный масштаб. Выставка займет все четыре холла, примерно 12 тысяч квадратных метров площади, и станет одной из главных точек притяжения транспортно-логистического бизнеса региона и большой профессиональной дискуссионной площадкой. В рамках выставки пройдут конференции, экспертные сессии, презентации технологий, дискуссии, B2B, B2G встречи и новые форматы общения, включая подкаст. Обсуждения затронут темы международных коридоров, складов, цифровизации, а также новой роли женщин в транспортной отрасли, где будет уделено внимание их вкладу в развитие отрасли и роли наставничества.

В этом году среди участников есть новые страны, которые ранее не заявлялись, – Нидерланды и Польша. Кроме того, заявили национальные группы: Беларусь, Латвия, Литва, Эстония и Турция.

– География выставки сегодня очень хорошо отражает то, что происходит с транспортными потоками в регионе. Казахстан становится интересен сразу нескольким группам международных игроков. Каждая из них видит здесь свои возможности, – подчеркивает директор проекта Translogistica Kazakhstan Гульзана Абдушарипова.

Современная экспозиция даст посетителям пространство, возможность остановиться, увидеть и рассмотреть главное, провести продуктивные встречи и переговоры. Говоря о современных тенденциях в выставочном бизнесе, Гульзана Абдушарипова подчеркнула, что компания придерживается принципа глобальной отраслевой инициативы Netzero Carbon Events.

Это означает, что последовательно уделяется внимание снижению экологического воздействия мероприятий.

Любовь РОББА

КАДРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК БАР



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Құрылтай сайлауынан кейін жанартылған құрамда Үкіметтің алғашқы отырысы өтті. Отырыста көлік министрі Нұрлан Сауранбаев та сөз сөйледі.

Оның айтуынша, бүгінде көлік саласында 870 мың адам жұмыс істейді. Яғни әрбір оныншы адам көлік саласында еңбек етеді. Олардың басым бөлігі – теміржол және автомобиль көлігі, сонымен қатар жол құрылысы мен логистика саласының мамандары. Соңғы жылдары көлік саласының дамуына байланысты 57 мыңға жуық маманға қажеттілік бар. Соның ішінде машинистер мен жүргізушілер, техниктер мен инженерлер, логистика мамандары, пилоттар мен авиадиспетчерлер, кеме капитандары және механиктерге сұраныс жоғары. Көлік саласына жастарды тарту үшін бірқатар істер атқарылып жатыр. Оның ішінде бос жұмыс орындарына жәрмеңке өткізу, мамандық таңдауға көмектесу, өндірістік тәжірибе өткізу. Осы шаралар студенттерге болашақта өз жұмыс орнын табуға көмек береді.

Бүгінде көлік саласына мамандарды 37 жоғары оқу орны мен 47 колледжде дайындайды. Оларда 44 мыңға жуық студент білім алады. Оның 28 мыңнан астамы мемлекеттік грант есебінен оқиды. Технологияның өзгеруіне байланысты, көлік саласына 31 жаңа мамандық қажет. Теміржол мен логистика саласына цифрлық логистер және автоматика мамандары керек. Осыған байланысты мемлекеттік органдармен және білім беру ұйымдарымен бірлескен бірқатар жұмыстар атқарылууда.

– Оң тәжірибе ретінде «Қазақстан темір жолы» компаниясының жұмысын атап өтуге болады. Компания кадр дайындау үшін жүйелі жұмыстар жүргізуде. Оның ішінде төрт өңірлік оқу орталығы, лабораториялар, оқу полигондары бар. Бұл жүйе арқылы өткен жылы 174 мың қызметкер оқудан өтті. Оның ішінде 113 мың қызметкер жасанды интеллектпен жұмыс істеуді үйренді, – деді Н. Сауранбаев.

Ұлан ОРАЗ

Сотрудничество

В ГРУЗИИ ОБСУЖДЕНЫ ПРОЕКТЫ ТМТМ

Делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с заместителем председателя правления Ерланом Койшибаевым совершила рабочий визит в Батуми (Грузия). В рамках задач АО «Самрук-Қазына» по развитию транспортно-логистической инфраструктуры делегация провела ряд встреч с ключевыми партнерами Грузии и обсудила проекты, связанные с развитием Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

В ходе встречи с заместителем министра экономики и устойчивого развития Грузии Тамар Иоселиани и директором Агентства развития глубоководного порта Анаклия Давидом Джавахадзе стороны подробно обсудили вопросы стратегического взаимодействия. В центре внимания участников диалога были текущие направления сотрудничества, совместное развитие терминальных мощностей, а также ключевые проекты, в том числе запуск глубоководного порта Анаклия.

Также проведена встреча с руководством компании International Container Terminal Services Inc. (ICTSI), где обсуждены вопросы совместного инфраструк-

турного развития Батумского международного контейнерного терминала.

Особое внимание было уделено увеличению объемов транзитных грузов, проходящих по совместным логистическим маршрутам. Отмечено, что ҚТЖ последовательно продолжает выстраивание терминального каркаса вдоль всего маршрута. Данная инфраструктурная цепочка охватывает путь от Китая и территории Казахстана через Каспийское море до Черного моря и далее в Европу, что позволяет значительно повысить транзитный потенциал и логистическую связанность регионов.

Также в рамках переговоров с генеральным директором АО «Грузинская

железная дорога» Лашей Абашидзе отмечены растущие объемы перевозок по ТМТМ. Стороны рассмотрели совместную работу в рамках Транскаспийского маршрута, уделив особое внимание практическим шагам по расширению узких мест и оптимизации логистики для бесперебойного пропуска контейнерных потоков.

По итогам встреч стороны подтвердили готовность к дальнейшему углублению двустороннего сотрудничества, направленного на привлечение дополнительных грузопотоков и развитие транспортных коридоров между Казахстаном и Грузией.

Асель ШАЙХЫНОВА

СПУТНИКТІК ИНТЕРНЕТТІ ЕНГІЗУ ЖАЛҒАСУДА



ИННОВАЦИЯ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жолаушылар пойыздарын спутниктік интернетпен жабдықтау бойынша ауқымды жұмысты жалғастыруда. Жоба Мемлекет басшысының цифрлық инфрақұрылымды дамыту, заманауи технологияларды енгізу және жолаушылар тасымалының сапасын арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылуда.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Астана

– Биылғы шілде айында Ұлттық тасымалдаушы жолаушылар пойыздарында спутниктік интернетті кең көлемде енгізу жұмыстарына кірісті. 2026 жылғы 8 қыркүйектегі жағдай бойынша Starlink спутниктік интернеті 31 бағытта қатынайтын 59 пойыз құрамында қолжетімді. Бұл 770-тен астам вагонды қамтиды. Қыркүйек айының соңына дейін 50 бағыттағы 124 пойыз құрамын, яғни 1 235 вагонды спутниктік интернетпен жабдықтау жоспарланып отыр. Пойыздарда интернеттің қолжетімді болуы – жолаушыларға көрсетілетін қызметтің сапасы мен сапар кезіндегі жайлылықты арттыру жолындағы маңызды қадам, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Ахметжанов.

Төмен орбиталы OneWeb және Starlink спутниктік жүйелерін пайдалану бойын-

ша алғашқы сынақ жобалары 2025 жылы Астана – Алматы, Астана – Өскемен, Астана – Бурабай, Астана – Семей және Алматы – Маңғыстау бағыттарында жүзеге асырылды. 2026 жылы жоба кең көлемде іске асыру кезеңіне өтті. Қазір спутниктік интернет жолаушылар көп қатынайтын бірқатар бағыттарда қолжетімді. Атап айтқанда, Нұрлы жол – Алматы, Нұрлы жол – Өскемен, Нұрлы жол – Орал, Нұрлы жол – Петропавл, Алматы-2 – Өскемен, Қызылорда – Семей, Ақтөбе – Алматы-1, Маңғыстау – Ақтөбе, Орал – Маңғыстау, Ақтөбе – Қазалы, Ақтөбе – Атырау және Павлодар – Алматы бағыттарында интернетке қосылуға болады.

Спутниктік байланыс арнасы арқылы интернетке қосылу жылдамдығы секундына 100 Мбитке дейін жетеді. Төмен орбиталы спутниктік технологияны пайдалану теміржол желісінің шалғай учаскелерінде де интернетке қосылуға мүмкіндік береді.

Мұндай аумақтарда дәстүрлі жерүсті байланыс желілерінің қамту аймағы шектеулі.

Жолаушыларға интернетті пайдаланудың тегін базалық пакеті ұсынылады. Оның аясында WhatsApp және Telegram мессенджерлері арқылы мәтіндік хабарламалар алмасуға қосымша ақы алынбайды. Ал интернеттегі басқа да сервистерді кеңінен пайдаланып, трафик көлемін ұлғайтқысы келетін жолаушыларға қосымша тарифтік пакеттер ұсыну жоспарланып отыр. Спутниктік интернеттің енгізілуі пойыздарда мультимедиялық, ақпараттық және өзге де цифрлық сервистерді дамытуға мүмкіндік беретін технологиялық негіз қалыптастырады. Жобаны жүзеге асыруда Ұлттық тасымалдаушының серіктесі ретінде «Транстелеком» АҚ қатысады. Компания спутниктік интернетті пойыздарға енгізу үшін қажетті технологиялық және телекоммуникациялық инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНЕН БАСТАУДЫ ЖӨН КӨРДІК. ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ САЛДАРЫН ТАЛДАУДАН БҰРЫН ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ. ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАТЫНЫ ДА ЕСКЕРТІЛДІ. ӘЙТКЕНІ ОҚУШЫЛАР САБАҚҚА АСЫҒЫП БАРА ЖАТЫП, ЖОЛДЫ ҚЫСҚARTY YШІН ТЕМІР ЖОЛДЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРЛЕРДЕН, ЖАҚЫНДАП ҚАЛҒАН ПОЙЫЗДЫҢ АЛДЫНАН КЕСІП ӨТУГЕ ТЫРЫСАДЫ. БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – МҰНЫҢ САЛДАРЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ МҰМКІН ЕКЕНІН АШЫҚ АЙТЫП ЕСКЕРТУ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С СЕНТЯБРЯ 2025 ГОДА ПО АВГУСТ 2026 ГОДА ПО СЕТИ
ҚТЖ ПЕРЕВЕЗЕНО БОЛЕЕ

15 млн тонн

ЗЕРНА.

БОЛЕЕ

1,1 млн тонн

УГЛЯ ДОСТАВЛЕНО К
ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ
В АКМОЛИНСКУЮ ОБЛАСТЬ.

НА

100

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ВОКЗАЛАХ ЗАВЕРШЕНЫ
СТРОИТЕЛЬНО-МОНТАЖНЫЕ
РАБОТЫ.

ТЕҢІЗДЕРДЕН – ДӘЛІЗДЕРГЕ



Ислам ТАЛҒАТ,
Ақтау



ФОРУМ

7-8 қыркүйек күндері Бату-миде өткен Грузия халықаралық теңіз форумына қатысқан Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов «Теңіздерден дәліздерге: әлемдік сауданың жаңа географиясы» атты панельдік сессияда сөз сөйледі.

Талқылау барысында Орта дәлізді дамытуға, теңіз, теміржол және порт көлігін өзара ықпалдастыруға, сондай-ақ халықаралық жеткізу тізбектерінің мобильділігімен тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылды. Вице-министр Транскаспий халықаралық көлік бағдарының дамуындағы оң динамиканы атап өтті. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша ТХКМ арқылы тасымал көлемі 22%-ға артқаны, ал Шығыс–Батыс бағыты бойынша транзиттік тасымал 55%-ға өскені атап өтілді. Сондай-ақ көлік дәліздерін цифрландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Форум қатысушыларына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлік маршруттарының цифрлық картасын құру қажеттігі туралы ұстанымы таныстырылды. Оны енгізу халықаралық көлік дәліздері бойынша көлік инфрақұрылымын, логистикалық тізбектерді және жүк ағындарының негізгі қозғалыс параметрлерін кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Форум аясында порт инфрақұрылымын дамыту, теңіз көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастық, саланы цифрлық трансформациялау, навигация мен кеме қатынасы қауіпсіздігін жетілдіру, сондай-ақ теңіз секторында «бір терезе» қағидатын қолдану мәселелері де талқыланды.

159 ЛОКОМОТИВПЕН ТОЛЫҚТЫ



Ұлан ОРАЗ,
Астана



ЖОСПАР

2026 жылдың басынан бастап ҚТЖ локомотив паркі Alstom және CRRC өндірісінен шыққан 159 заманауи локомотивпен толықты.

Тек тамыз айында 13 локомотив: 3 электровоз, 9 маневрлік және 1 магистральдық тепловоз жеткізілді. Жалпы саннан 22 электровоз Астана мен Бурабай курорты деполарына келіп түсті. Қандыағаш, Жем, Маңғыстау, Атырау, Мақат, Қарағанды және Ақтоғай деполары арасында 80 магистральдық тепловоз бөлінген. Тағы 57 маневрлік тепловоз Екібастұз, Павлодар, Балқаш, Қарағанды, Жаңа-Қарағанды және Астана деполарына бағытталды. Тарту паркін жаңарту пойыздық және маневрлік жұмыстың сенімділігі мен тиімділігін арттырады, сондай-ақ локомотив деполарының техникалық жабдықталуын күшейтеді және локомотив бригадаларының еңбек жағдайларын жақсартады.

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ



Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Шиелі



ПРОФИЛАКТИКА

Әскерилендірілген теміржол күзетінің Шиелі станциясындағы жасағы теміржол нысандарындағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында профилактикалық іс-шара өткізді.



Оқушылардың мектепке баратын қыркүйек айындағы жедел-профилактикалық іс-шара теміржол көлігі нысандарында тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталып, Шиелі атқыштар топ күзетшісі Батырхан Ильясов пен Шиелі станциясы желілік полициясының кіші сержанты Бексұлтан Жұмаділдаев бастаған топ алдын ала белгіленген нысандарда әрі-бері өткен үлкен-кішіге қауіпті аймақтың қауіп-қатерін түсіндірді. Сонымен қатар №270 Ғ.Мұхамеджанов атындағы орта мектептің 1-11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушыларға темір жолдағы қауіпсіздік ережелері жан-жақты түсіндірілді. Әсіресе темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өтпеу, темір жол маңында ойнамау, пойыздардың терезелеріне тас лақтырып сындырмау, темір жолға бөгде заттар қоймау және темір жол бойында абай болу қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар жасөспірімдерге құқық бұзушылық жасаған жағдайда туындайтын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік ескертілді. Пойыз қозғалысына қауіп төндіретін кез келген әрекеттің адам өмірі мен денсаулығына зор қауіп келтіретіні айтылды. – Темір жол – жоғары жауапкершілікті талап ететін қауіпті аймақ. Сондықтан қауіпсіздік талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жергілікті тұрғындарға, оның ішінде жасөспірімдерге дұрыс бағыт-бағдар беру бағытындағы профилактикалық жұмыстар қашан да өзекті, – дейді Әскерилендірілген теміржол күзеті Шиелі атқыштар тобының бастығы Жандос Тарманов.

Суретті түсірген автор

КҮЗГІ ТАСЫМАЛ КҮРТ ӨСТІ



АЙМАҚ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қозғалысшылар сөзіне сүйенсек, биылғы жаз тура мағынасында да, бейнелі түрде де өте «ыстық» болды. Оған себеп көп. Бірінші кезекте іргелес Қарағанды ЖТ филиалындағы толаскездер есебінен бөлімшеге түсер салмақ артқан. Транзит көлемі еселеп өсті. Сонымен қатар Павлодар бөлімшесіне қарасты Ақсу станциясынан қабылдап алынатын жылжымалы құрамдар саны да артты. Бір сөзбен айтқанда, жүк пойыздарының ағыны жылдағы көрсеткіштен әлдеқайда артып, тың міндеттемелер жүктелді. Ал аймақтағы ауа температурасының әдеттегіден әлдеқайда ыстық болуы себепті рельстерге түсер салмақты төмендету үшін кейбір күндері жекелеген жүк пойыздарының жүріс жылдамдығын азайту қажеттігі де туындады. Мұның барлығы кестеге, тораптық станциялардағы пойыз құрастыру процесіне де ықпал ететіні белгілі. Міне, осындай өзекті мәселелердің барлығын дер кезінде шеше отырып жұмыс жүргізген теміржолшылар күзгі маусымды өткір проблемасыз қарсы алды. Тек Жаңа-Семей станциясындағы парк құрылысына байланысты пойыз ағынына іркіліс тудырмау мәселесі оң шешімін күтуде.



– Жазғы жүк айналымында туындаған мәселелер дер кезінде шешілді. Ал күзгі жүк тасымалына келсек, локомотив паркі жеткілікті. Жұмыс күшіне де тапшылық жоқ. Көмір тасымалының қарқын алуына байланысты маусымдық қызметті ширатып жатырмыз. Жоспар барысы жүйелі жүргізілуде, – дейді Семей ЖТ филиалының басшысы Алмас Сейсемқанов. Күзгі маусымда қатты отын тасымалы өзекті болып отыр. Бөлімше бойынша өткізілетін селекторлық жиындардың да негізгі тақырыбы осы. Станция басшыларына, жалпы қозғалысшыларға тиісті нұсқамалар берілген. Тиеу мен түсіру, жүк пойыздарын құрастыру, іркіліссіз жеткізу және бос вагондарды жинап алуда кедергі жоқ. Дегенмен бұл орайда теміржолшылар құзыретінен тыс бірқатар мәселелер бар. Мысалы, жеке сектордағы тұрғындардың

қысқы отынды дер кезінде сатып алып қам жасауға асықпайды. Әдеттегідей бұл істі кейінге шегеріп, асығыстық танытпайтындар аз емес. Есесіне, күрт суық түсетін қарашада теміржол түйіктарында сұраныс артып, ажиотаж туындауы әбден мүмкін. Қазіргі таңда осындай келеңсіздіктің алдын алу үшін ақпараттық жұмыстар жүргізу қажеттігі туындауда. Десек те, қыркүйектің алғашқы аптасындағы көрсеткіш бойынша тұрғындар мен жергілікті коммуналдық сектордың отынға деген қажеттілігі толық өтелуде. Өңірде отынды уақытылы жеткізуді қамтамасыз ететін бірнеше ресми көмір операторы мен логистикалық компаниялар бөлімше филиалымен ынтымақтастықта қызмет көрсетуде. Дегенмен алдағы уақытта жергілікті атқарушы билікпен бірлесіп аймақтағы теміржол түйіктары мен көмір қоймалары, жылыту орталықтарындағы көмір қорының тұрақты есебі жүргізілетін болады. Қысқасы, көмір тасымалы бойынша семейлік теміржолшыларға түсетін жүктеме апта сайын артып келеді. Көмір тиеу мен вагондарды сұрыптау жұмыстары белсенді жүргізілетін тораптық Дегелең, Жаңа-Семей, Семей сынды жүк станцияларындағы техникалық-өндірістік процестер де біршама күрделене түскен.

Суретті түсірген автор

ТАСПА ТАЛДАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жұмысшы мамандықтар ішінде сирек кездесетін кәсіптің бірі - локомотив шаруашылығындағы таспа талдаушы қызметі. Осы ерекше мамандықты меңгерген Әсем Тілебалдина Астана локомотив пайдалану депосында аға таспа талдау инженері болып үш жылдан бері еңбек етеді.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

14 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы қыз осы жұмысы арқылы локомотив бригадаларының әр сапардағы жұмысын бағалауға, сол арқылы пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. – Менің міндеттеріме КІУБ, БОРТ қауіпсіздік құралдарының, жылдамдық өлшегіш таспалардың жұмыс принципі білу, сапалы таспа талдау, сонымен қатар пойызды жүргізу, тежегіштерді басқару, тіркеу кассеталарына және анықталған бұзушылықтардың жазылған барлық параметрлерді тіркеу және олардың пайда болу себептерін анықтау, жылдамдық өлшегіш пен оның жетегі, ALSN

және тежегіштердің жұмысын білу жатады. Жылдамдық өлшегіш таспаларды талдау кезінде инженер белгіленген нысандағы журналдарда барлық анықталған бұзушылықтарды, кіру және өту бағдаршамдарындағы кідірісті, жылдамдық өлшегіштердің, машинист пен крандардың бүкіл ақауын және уақытша өшіп қалуын, пойыз қандай сигналға және тежегіш жолының жағдайына сүйене отырып шұғыл тежеу бергенін жазады. Ай сайын жол бойында бұзушылықтарға жол берген машинисттердің аты-жөнін арнайы экранда көрсете отырып, анықталған бұзушылықтардың көшірмелерін, учаскенің бейнежазбасын, бұзушылықтың сипатын және қабылданған шараларды іліп қою керек. Бұл



жұмыс локомотив бригадаларына болған жайтты уақытылы жеткізуге, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге және осындай бұзушылықтардың қайталануына жол бермеуге мүмкіндік береді. Айналып келгенде мұның бәрі мыңдаған тонна жүктер мен мыңдаған жолаушылар тасымалдайтын пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға тікелей ықпалын тигізеді. Қысқасы, қиындығы мен жауапкершілігі жетіп артылатын жұмыс, – дейді таспа талдаушы өз жұмысын түсіндіріп.

Айтуынша, осындай маңызды міндеттер жүктелген маманға аса мұқият, принципшіл және объективті болу керек. Өйткені локомотив бригадаларының

тәртібі ғана емес, адамдардың қауіпсіздігі де сапалы таспа талдау мен бұзушылықты ертерек анықтауға тікелей байланысты. – Жылдамдықты өлшейтін таспаларды талдауға арналған монограммасы бар арнайы стендте станциялар, 4 бағыттағы, яғни Астана-Есіл, Астана-Қарағанды, Астана-Павлодар, Астана-Көкшетау бағытындағы учаскелердің өткелдері көрсетілген. Машинисттердің әр сапары бойынша таспа талдау локомотив бригадасының жұмысын мұқият, жауапкершілікпен және терең түсінуді қажет етеді. Маған әсіресе жұмысым арқылы сапардың барлық барысын көріп, машинистің іс-әрекеті белгіленген талаптарға қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтаған ұнайды. Таспа талдау жоғары зейінді, табандылықты, жауапкершілікті және аналитикалық ойлауды қажет етеді. Кейде сізге ұзақ уақыт бойы көп ақпаратпен жұмыс істеу керек болады, әр жазбаны оқып шығып, көптеген параметрлерді салыстырасыз, сондықтан шымдамдылық пен ұсақ-түйекке мұқият болу маңызды. Бұл жұмыста соған қоса машинист жұмысының ерекшелігін түсіну, құралдардың көрсеткіштерін, сигналдарды және нормативтік құжаттардың талаптарын түсіну қажет, – дейді Әсем Амангелдіқызы.

Суретті түсірген автор

МҰНАЙ ҚОЙМАСЫНАН ӨРТ ШЫҚТЫ

Бұл – кезекті оқу-жаттығу емес. «Kyzylorda Refinery» ЖШС мұнай қоймасында тұтанған өрт шынымен қорқынышты еді. Теміржол инфрақұрылымына қауіп төндірген өрт Қызылорда өрт сөндіру пойызының күшімен толық сөндіріліп, 9 вагон қауіпсіз жерге шығарылды.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қара түтіні будақтап айналаны торлап алған өрт ошағына өрт сөндіру пойызы келіп жеткеннен кейін 23 минут ішінде сөндірілді. Тілсіз жаудың ошағы Белкөл станциясы маңындағы Саяхат шағын ауданының өнеркәсіптік аумағында орналасқан «Kyzylorda Refinery» ЖШС мұнай қоймасында тұтанған. Өртті сөндіру үшін 7 қыркүйек күні сағат 17:00-де Қызылорда облысы ТЖД ӨТБҚ бастығы, аға лейтенант Мақсат Досмағанбетов Қызылорда станциясының өрт сөндіру пойызынан көмек сұратты. Оқиға орнынан 18 шақырым қашықта

орналасқан өрт сөндіру пойызы 17:15-те Ақтөбе ЖОББ кезекшісі Әділовтің №1 бұйрығымен дабыл бойынша көтерілді. Нұсқаулыққа сай әрекет еткен жеке құрам санаулы уақыт ішінде жиналып, құрал-саймандарын сайлап, локомотивтің тіркелуі, пойызды станцияның оңтүстік алқымындағы жолға шығару секілді әрекеттер оперативті түрде жүргізіліп, 17 сағат 31 минутта жүріп кетті. 17:46-да өрт сөндіру пойызы Белкөл ст. 4-жолына келіп жетіп, жұмысқа кірісті. Қоймада әрқайсысы 60 тонналық екі резервуардағы



мұнай өнімдері 200 шаршы метр аумақта жанып жатты. Оқиға орнында жедел штаб құрылып, жауапты тұлғалар барлық күшті тілсіз жаумен күреске бағыттаған. Топ құрамында Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Құлхан Белкібаев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Қайрат Төрединов болды. Дереку іске кіріскен өрт сөндірушілер 18:10-да бір ГПС-600 және бір СВП оқпанын бере отырып, көбікпен шабуыл тәсілімен, алдымен өрттің жалынын өшіруге тырысты. Көбікпен буып-жабу, сумен өшіру әдістерімен 18:20-да өрт оқшауланып, 18:25-те толық сөндірілді.

Әрине Өрт сөндіру пойызымен бірге жергілікті жауапты мекемелерден 60 адамдық құраммен 1 БШМ, 1 ША, 3 АЛ, 11 АЦ, 2 АНР арнайы техникасы, сондай-ақ «Қызылорда тазалығы» мекемесінің 5 су таситын көлігі секілді 18 бірлік техника жұмылдырылды. Өрт сөндіру кезінде машинист Ғабит Омаров, Белкөл станциясы бастығының міндетін атқарушы Ғизат Нұрланұлы, жүк қабылдап-тапсырушы Гүлнәр Сахиева, пойыз құрастырушы Қанат Нұрымбетовтер нағыз теміржолшыға тән қайсарлық көрсетті. Олардың әр қайсысы өзіне тиісті жұмысты шебер, нақты, шапшаң әрекет ету арқылы өте оперативті атқара жүріп қара түтіні будақтаған қызыл жалын арасынан жүк тиелген, онда да мұнай өнімі, 9 вагонды қайсарлықпен алып шығуға атсалысуы ерлік десек болады. Демек теміржолшының ерлігі қас қағым сәтте жасалатынын осы өрт оқиғасы тағы да дәлелденді. Өрт салдарынан зардап шеккендер жоқ. Теміржол инфрақұрылымы нысандарына және пойыздардың қозғалысына қатер төнген жоқ. Өрттің шығу себептері мен мән-жайын Қызылорда облысының ТЖД тарапынан тергеліп, зерделенуде.

Суреттерді түсірген автор

50% ПРОГРАММЫ ВЫПОЛНЕНО



АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжает реализацию поручения Главы государства, данного в рамках программы «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого», по модернизации магистральной железнодорожной сети страны.

До 2029 года компания планирует отремонтировать 11 тысяч километров путей, из которых на сегодняшний день обновлено уже 5,5 тысячи километров – это половина запланированного объема. Масштабная программа модернизации реализуется поэтапно. В 2023-2025 годах железнодорожники выполнили ремонт 4 448 километров путей, а с начала текущего года обновлено еще 1 052 километра. Работы ведутся на участках с высокой интенсивностью движения, где модернизация позволяет повысить надежность инфраструктуры и обеспечить стабильную работу магистрали.

В ходе ремонта проводятся замена


рельсошпальной решетки, обновление балластного слоя, укрепление земляного полотна и выполнение других комплексных работ, направленных на продление срока службы железнодорожной инфраструктуры. Модернизация магистральной сети способствует повышению безопасности движения поездов, увеличению пропускной способности участков и созданию более надежных условий для перевозки пассажиров и грузов. Обновление путевой инфраструктуры также является важной частью развития транспортно-логистического потенциала Казахстана и укрепления международных транспортных коридоров.



Реализация программы продолжается в соответствии с утвержденным графиком, обеспечивая последовательное обновление железнодорожной сети страны.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

ЗЕРНОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ НАБИРАЮТ ТЕМП



За восемь месяцев 2026 года филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола» обеспечил уверенный рост погрузки грузов. Общий объем перевозок превысил плановые показатели и значительно опередил результат аналогичного периода прошлого года, что подтверждает стабильную работу железнодорожников в период активного вывоза урожая и высокий спрос на казахстанскую сельхозпродукцию на внешних рынках.

С января по август объем погрузки составил 6,713 миллиона тонн при плане 6,396 миллиона тонн. План выполнен на 105%, а дополнительный объем к техническому плану достиг 317,1 тысячи тонн. По сравнению с аналогичным периодом 2025 года, перевозки выросли на 471,1 тысячи тонн, или на 7,5% к прошлогоднему уровню. За отчетный период отправлено 104 163 вагона, из которых 77 306 направлены на экспорт. Еще 26 857 вагонов обеспечили перевозки внутри страны. На экспортные направления пришлось 5,194 миллиона тонн грузов, тогда как по территории Казахстана перевезено 1,525 миллиона тонн. Основным локомотивом роста остается зерно. Его погрузка достигла 4,539 миллиона тонн, что на 244,2 тысячи тонн превышает плановые показатели. По сравнению с прошлым годом объем перевозок зерна увеличился на 520,5 тысячи тонн, а выполнение составило 113% к уровню 2025 года. Всего за восемь месяцев железнодорожным транспортом отправлен 66 221 вагон с зерном, или 4,541 миллиона тонн. Значительная часть перевозок пришла на экспортные направления, подтверждая высокий спрос на казахстанское зерно за рубежом. Наиболее крупным направлением остается Средняя Азия, куда отправлено 37 752 вагона, или более 2,63 миллиона тонн зерна. Существенные объемы перевозок обеспечены также в Афганистан – 4 087 вагонов, или 283,5 тысячи тонн, в Китай – 3 982 вагона, или 261,9 тысячи тонн, в Россию – 2 914 вагонов, или 196,6 тысячи тонн, а также в страны дальнего зарубежья –




3 882 вагона, или 268,7 тысячи тонн. Внутри Казахстана перевезено 12 082 вагона, или 790 тысяч тонн зерна. Высокие результаты обеспечиваются в том числе развитием маршрутных перевозок, позволяющих ускорить доставку грузов и повысить эффективность использования вагонного парка. За восемь месяцев отправлено 1 220 отправительских маршрутов, из которых 39 пришлось на внутренние перевозки по Казахстану, а 1 181 – на экспорт. Наиболее активно маршрутные отправки осуществлялись в страны Центральной Азии – 622 маршрута, а также в Китай по направлению Достык – Алтынколь – 535 маршрутов. Еще девять маршрутов отправлено в направлении РЖД, 14 – в Иран через порт Актау и один – в Туркменистан. Стабильную динамику демонстрируют и перевозки продуктов перемола. За восемь месяцев погружено 312,6 тысячи тонн, что составляет 69% от планового показателя.

Вместе с тем по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем увеличился до 115,9%, или почти на 43 тысячи тонн. Основными направлениями поставок остаются Афганистан, Китай, страны Центральной Азии и внутренний рынок Казахстана. Рост объемов погрузки и расширение маршрутных перевозок подтверждают готовность железнодорожной инфраструктуры обеспечивать своевременный вывоз нового урожая и поддерживать экспортный потенциал отечественного агропромышленного комплекса. В условиях высокого спроса на казахстанское зерно железная дорога остается ключевым звеном в цепочке поставок, обеспечивая стабильную доставку продукции как отечественным потребителям, так и зарубежным партнерам.

Айлин БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА

НА ПОМОЩЬ – ПО РЕЛЬСАМ



Несмотря на завершение календарного лета, в большинстве регионов Казахстана сохраняется высокая температура воздуха, а вместе с ней и риск природных возгораний. 8 сентября пожарные поезда АО «НК «КТЖ» участвовали в ликвидации пожаров сразу в двух областях – Костанайской и Акмолинской.

При возникновении чрезвычайных ситуаций железнодорожные подразделения в кратчайшие сроки подключаются к ликвидации природных пожаров, помогая спасателям сдерживать распространение огня и обеспечивая их необходимым запасом воды. Так, 8 сентября в Акмолинской области пожарный поезд станции Курорт-Боровое по запросу ОЧС Буландынского района был направлен для оказания помощи при тушении лесного пожара в Акбулакском лесничестве. Пожар находился примерно в пяти километрах от железнодорожного полотна. Пожарный поезд обеспечил водой четыре единицы пожарной и специальной техники, экипировав в общей сложности



23 тоннами воды. Площадь лесного пожара составила пять гектаров. В его ликвидации участвовали 97 человек и 18 единиц техники, включая силы ДЧС, лесной охраны, ГНПП «Бурабай», Казавиалесоохраны и пожарный поезд КТЖ. К тушению также привлекался вертолет.

В тот же день по запросу ДЧС пожарный поезд станции Тобол был направлен в Лениновский район Костанайской области, где степной пожар на площади около 600 гектаров распространился в сторону железной дороги и перешел в полосу отвода.

Для обеспечения безопасности тушения на перегоне Заятская – Елимай временно закрывалось движение по четному пути и снималось напряжение в контактной сети. Пожарный поезд станции Тобол участвовал в тушении и обеспечил водой восемь пожарных автоцистерн ДЧС. Для усиления группировки дополнительно был направлен пожарный поезд станции Кушмурун. В ликвидации пожара в Костанайской области были задействованы 61 человек и 11 единиц техники. В 19:36 пожар локализован, в 21:50 ликвидирован. Пострадавших нет. Таким образом, в течение суток для оказания помощи экстренным службам в двух регионах были задействованы три пожарных поезда АО «НК «КТЖ» – станций Тобол, Кушмурун и Курорт-Боровое. Пожарные поезда обеспечивали непосредственное участие в тушении и бесперебойное снабжение водой подразделений ДЧС в районах проведения работ. Работа пожарных поездов в очередной раз показала важность их оперативной готовности в пожароопасный период.

Любовь РОБЕА

ВСЕ УВИДИТ ОКО

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Осенний комиссионный осмотр на участках Оскеменского региона начнется с 21 сентября. Комиссия основательно обследует инфраструктуру, подвижной состав и производственно-технические объекты, оценив их готовность к работе в зимний период 2026-2027 годов.

В соответствии с приказом директора филиала АО «НК «КТЖ» – «Семейское отделение магистральной сети» Айдына Шаукеежанова и утвержденным графиком осенний комиссионный осмотр и проверка готовности хозяйств к зимнему периоду продлятся до 29 сентября. Их первый этап начнется 14 сентября и будет проходить сначала на участках Семейского региона, с узла станции Аягоз. 21 сентября комиссия отправится на участок Семей – Локоть. 22 сентября ей предстоит проверить участок Шемонаиха – Оскемен-1. 23 сентября осмотр пройдет на участке Оскемен-1 – Риддер. 24 сентября комиссия обследует прилегающий узел станции Оскемен-1. 25 сентября – участок Оскемен-1 – Алтай. Завершится выездная часть графика осмотром в Семейском регионе – станции Жана-Семей 28 сентября и станции Семей с прилегающим узлом – 29 сентября.


При осмотре будут проверены объекты инфраструктуры, состояние подвижного состава, производственно-технические объекты и технические средства, а также соблюдение требований безопасности движения, пожарной безопасности и охраны труда. Отдельное внимание будет уделено техническому состоянию и степени использования основных фондов. Кроме того, комиссия должна оценить, насколько структурные подразделения обеспечены необходимыми инвентарем, оборудованием, материалами и запасными частями, проверить уровень профессиональной подготовки работников и организацию технической учебы. В числе задач – оценка укомплектованности штата с учетом выполняемых объемов работ и готовности объектов к эксплуатации в зимний период. Особое внимание будет уделено выявлению технических неисправностей, сооружений или устройств, которые могут создавать угрозу безопасности движения либо здоровью работников.

Председателем комиссии по проведению ОКО назначен директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Семейское отделение магистральной сети» Айдын Шаукеежанов, заместителем председателя – директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семей» Алмас Сейсемканов. В состав комиссии вошли представители Семейского отделения магистральной сети, филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семей», Центра диагностики пути, противопожарной службы, а также отраслевые ревизоры по безопасности движения, путевому, локомотивному, вагонному хозяйству, сигнализации, связи и энергообеспечению и другим направлениям.

По итогам осмотра в трехсуточный срок проведут оперативные совещания с разбором выявленных нарушений, подготовкой мероприятий по их устранению.

АИ-КОМПЕТЕНЦИИ
ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана



Около 600 сотрудников ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» прошли практическое обучение по эффективному использованию инструментов искусственного интеллекта и вайбкодинга. Занятия были организованы для административно-управленческого персонала филиалов и молодежи товарищества в рамках работы по развитию цифровых компетенций работников.

Обучение провели внутренние тренеры АО «НК «КТЖ» Жомарт Съезбек и Нұрила Әбдімүтәлі. Программа была построена на практических заданиях, что позволило участникам сразу применять новые знания и отрабатывать навыки на конкретных рабочих ситуациях. В ходе занятий сотрудники познакомились с возможностями искусственного интеллекта для автоматизации рабочих процессов, анализа и структурирования информации, подготовки документов и решения повседневных задач. Отдельное внимание уделялось грамотной постановке запросов к AI-системам, что позволяет получать более точные и полезные результаты. Еще одним направлением обучения стал вайбкодинг – современный подход к созданию цифровых решений с помощью искусственного интеллекта. Участники узнали, как с использованием AI можно разрабатывать прототипы и простые цифровые инструменты, оптимизируя рабочие процессы и сокращая время на выполнение рутинных операций. Полученные навыки могут применяться сотрудниками непосредственно в профессиональной деятельности, помогая повысить оперативность и качество работы. При этом развитие AI-компетенций особенно важно для молодежи, которая получает дополнительные возможности для освоения современных технологий и участия в цифровой трансформации компании. Подобные обучающие программы способствуют формированию культуры эффективного использования новых технологий и помогают сотрудникам адаптироваться к современным требованиям транспортной отрасли.

